



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

8D01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ

Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі және ғылыми сала үшін, ғылыми-педагогикалық қызметте жоғары кәсіби және зерттеу дағдылары бар бастауыш білім беру саласында PhD докторларын ғылыми-педагогикалық даярлау

КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ

1. Білім беру (педагогикалық): жалпы білім беру мекемелеріндегі білім алушыларының мүмкіндіктерін, қажеттіліктері мен жетістіктерін зерделеу және алынған нәтижелер негізінде оларды тәрбиелеу мен дамытудың жеке бағыттарын жобалау; білім беру ортасының қолда бар мүмкіндіктерін пайдаланып, тәрбие мен оқыту сапасын қамтамасыз ету үшін жаңа жағдайларды жобалау.
2. Оқу-тәрбиелік: дарынды балаларға арналған оқу бағдарламаларына баса назар аудара отырып, білім берудің жалпы тұжырымдамаларын іске асыру; жеке тұлғаның жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін инновацияларды қолдана отырып, білім беру саласындағы оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру.
3. Оқу-технологиялық: білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес инновациялық әдістемелер мен технологияларды пайдалана отырып, олардың оқу, зерттеу және жобалау қызметін ұйымдастыру;
4. Әлеуметтік-педагогикалық: әріптестермен, ата-аналармен өзара әрекеттесуді ұйымдастыру, әлеуметтік серіктестермен, әкімшілік органдармен өзара әрекеттесу, жаңа әлеуметтік серіктестерді іздеу, студенттерді олармен өзара әрекеттесуге қосу; білім беру бағдарламасының орындалуын бақылау, оның тиімділігін арттыруда педагогикалық және әдістемелік көмек көрсету.
5. Эксперименталды-зерттеу: ғылыми-зерттеу міндеттерін шешуде зерттеу әдістерін қолдану арқылы білім беру саласындағы ғылыми зерттеулердің нәтижелерін талдау, жүйелеу және қорыту; педагогикалық эксперимент жүргізу және қорытындылау

ОҚУ НӘТИЖЕСІ (ОН)

ОН 1 – ғылым эволюциясындағы парадигмалардың дамуы мен ауысуының негізгі кезеңдерін талдайды; әртүрлі ғылыми теориялар мен идеяларды бағалайды және салыстырады; білім берудің жаңартылған мазмұнының ерекшеліктері талдайды;

ОН 2 - оқу курстарының бағдарламаларын жобалауға, оқу сабақтарын өткізуге және талдауға қабілетті; оқу-әдістемелік материалдарды жобалау саласында жаңа тәсілдер мен әдістемелік шешімдер әзірлейді; педагогикалық тәжірибелік ғылыми зерттеулер жүргізеді, олардың нәтижелерін қорытады және ғылыми-педагогикалық ойлау мәдениетін ашады;

ОН 3 - бастауыш білім берудің өзекті мәселелерін, сондай-ақ сандық технологияны қолдана отырып, өзіндік ғылыми-педагогикалық және инновациялық қызметті жоспарлаумен және жүзеге асырумен байланысты проблемаларды шешу жолдарын табады;

ОН 4 - кәсіби қызметтің нәтижелеріне жауапкершілікпен қарайды және шешімдер қабылдайды, ғылыми облыстың шекарасын кеңейтуге ұлттық немесе халықаралық деңгейде жариялануға лайық өзіндік ерекше зерттеулермен үлес қосады;

ОН 5 - білім берудің барлық сатысындағы жаңартылған білім беру бағдарламаларына, Бастауыш оқыту мен тәрбиелеудің әдістемелеріне және технологияларына талдау жүргізеді; болашақ бастауыш сынып педагогтерін білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша олардың сыни тұрғыдан ойлауы тұрғысынан дайындаумен байланысты мәселелерді шешу жолдарын табады;

ОН 6 - өз бетінше оқыту және ойын бағдарламаларын, веб-ресурстарды, дағдыларды пысықтау үшін тренажерлерді әзірлейді, сандық білім беру ресурстарын талдайды, аспаптық бағдарламалық құралдарды, жеке және топтық оқу жобаларын өткізу кезінде жоспарларды әзірлеу және олардың орындалуын бағалау үшін АКТ-ны пайдаланады;

ОҚУ НӘТИЖЕСІ (ОН)

ОН 7 - педагогикалық білім беру жүйесіне байланысты өзінің ғылыми-педагогикалық қызметінің стратегиясын анықтайды, басқару қызметінің құрылымындағы күрделі шешімдерді моделдейді және әзірлейді;

ОН 8 – жоғары білімнің жаһандануы және интернационализациясы жағдайында Қазақстан Республикасында және әлемде педагогикалық ғылымның дамуының қазіргі тенденциялары, бағыттары мен заңдылықтары туралы білімдерді меңгереді және бастауыш білім берудің теориялық-әдіснамалық тәсілдерін жүзеге асырады;

ОН 9 - бастауыш білім беру субъектілеріне (білім алушылар, магистранттар, педагогтер) сабақтар, семинарлар, конференциялар ұйымдастырады, жаңа идеяларды ойлап табуға дербестігін, ғылыми және кәсіби бейімділігін көрсетеді;

ОН 10 - қарым-қатынастың негізгі әдістерін, балалардың, білім алушылардың, магистранттардың және ата-аналардың өзара қарым-қатынасының типтік жағдайларын моделдеуді пайдаланады, бастауыш білім берудің жаңартылған мазмұнын ескере отырып, жаңа курстар әзірлейді және оларды оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз етеді, қазіргі ғылыми зерттеулердің нәтижелерін анықтайды;

ОН 11 - шешімдер қабылдайды және кәсіби қызмет нәтижелеріне жауап береді, өзіндік ерекше зерттеулермен үлес қосады, ұлттық және халықаралық деңгейде зерттеулер нәтижелерін жариялайды;

ОН 12 - бастауыш білім беру мәселелерін кәсіби және академиялық ортада білікті талқылайды, қорытындыларды дәлелдейді, өз білімі мен жетістіктерін әріптестеріне, ғылыми қоғамдастыққа және кең жұртшылыққа хабарлайды.